

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ «ПАЙЫЗ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қосыбаева У.А., Оразғалиева М.А.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: miraoma@mail.ru

Бүгінгі таңда әр адамның білімді болуы қоғамның бүтіндей гүлденуі мен білім саласының артуының өзара тығыз байланыс орнатуының нәтижесі деп білеміз. Білім жүйесін дамыту - қоғамның экономикалық және әлеуметтік өрлеу факторларының бірі екенін атап өту қажет.

Сапалы математикалық білім оқушылардың әр түрлі нақты жағдайларда тәжірибелік өмірлік есептерді шешуде бар білімдерін қолдана білуі екендігі рас.

Математиканың тәжірибемен, қазіргі заманғы экономика және қоршаған ортамен байланыстарын кеңінен ашуға негізделген оқыту үрдісінде алынған математикалық білімдерін қолдана білуін қалыптастыру өте орынды.

Осы тұста экономика саласымен тығыз байланысты болып табылатын «пайыздар» тақырыптарының мектеп математикасындағы маңыздылығы айқындалады.

Оқуды тәжірибемен байланыстыру қажеттіліктерін жүзеге асыру мәселесі бүгінге дейін әр сала бойынша ғалымдар еңбектеріне арқау болып келеді.

Десек те, осы мәселенің мектеп математикасын оқыту сұрақтарымен ұштасуына арналған еңбектер сирек, оның ішінде қазақ тілінде өте сирек.

Бірқатар диссертациялық зерттеулер орта мектептің математика курсына экономикалық мазмұны бар есептер жүйесін құруға, оқушылардың осындай есептерді шешуде құрастыру әдістемесін қалыптастыруға, экономикалық білім беру және тәрбиелеу жоспарында математика курсына экономикалық есептерді шешу мүмкіндіктерін анықтауға арналған.

Бұл жұмыстарда басты назар математика курсына экономикалық материалға логиканы қосу, мектеп курсынағы математика және экономико-математикалық есептер үшін экономикалық ұғымдардың қатаң жүйесін құруға, орта мектепте математика курсына оқығанда оқушылардың тұтас экономикалық ойлау, экономикалық білімдері мен тәрбиелерін жүзеге асыруды қолдану, экономикалық білім жүйесін, білік және дағдыларды қалыптастыруда жасалды.

Бар ғылыми еңбектерге талдау жасай келе біз алдымен болжам жасадық.

Біздің зерттеудің өзектілігі бір жағынан қазіргі заманғы мектеп математикасын қолданбалылық тұрғысынан күшейту болса, екінші бір жағынан математика теориясы мен әдістемесі дидактикасын ашып, математиканы оқытуда экономикалық-математикалық аспектісін күшейту үшін негізделген.

Мақсат пен болжамды негізге ала отырып, зерттеу жұмысында келесі міндеттер шешіледі:

- мектеп математикасында пайыздар тақырыбының оқытылуына талдау жасау;
- болжамды жүзеге асыру нәтижесі бойынша эксперимент жұмыстарын жүргізу.

Зерттеудің әдістемелік негізін диалектикалық логика принциптеріне негізделген білім теориясы, оның диалектикалық әдістің негізгі ережелері, оқушыға бағдарланған білім беру тұжырымдамасы; жүйелі оқыту тәсілдері құрайды.

Таңдалған тақырып әлі де тәжірибеден өту кезеңінде болғандықтан ғылыми болжам бойынша қортынды тұжырымдар әлі де өзгертіліп, толықтырылатын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
2. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1989. – 235 б.
3. Энди Андерсон Macromedia Flash MX - М.: Наука, 2004. – 217 с.
4. Алленова Н. Учебник по HTML для чайников. Алматы: Мектеп, 1999. – 235 с.